



ТАҚЫРЫБЫ: ӘЛЕУМЕТТІК ФАКТОР ЭПИДЕМИОЛОГИЯДА

Орындаған: Бубеева.Б.А

Тексерген: Жақан.Ж.Ж

Факультет: ҚДС


Тобы: 13-001-01

ЖОСПАРЫ

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
 - 1) Денсаулық эпидемиологиясы
 - 2) Эпидемиологиядағы әлеуметтік фактор
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер

КІРІСПЕ

- Әлеуметтік фактор - әлеуметтік өзара әрекет дәл осы сәттегі және болашақта болатын индивидтің, индивидтер тобының, жалпы қоғамның кез-келген мінез-құлқы.
- Денсаулыққа әлеуметтік және экономикалық жағдайлардың әсері артып отыр. Табиғи және физико-химиялық тұрғыдан алғанда таза орта болса да, қолайсыз әлеуметтік-экономикалық жағдай ауру мен өлімнің артуына әкелетінін өмір көрсетіп отыр. Әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлауы адамның психологиялық күйі мен стресстік құбылыстар арқылы әсер етеді. Адамдардың мезгілсіз қайтыс болу себептері ең алдымен қолайсыз табиғи және әлеуметтік факторлар болып табылады.



Передача
через укус

Миграция
промастигот
в глотку

Промастиготы

Промастиготы
проникают в
фагоциты

Размножение
делением



Москит (самка)



Позвоночные

Амастиготы
инфицируют
новые клетки

Промастиготы
трансформируются
в амастиготы и
размножаются
делением

Трансформация
амастигот в
промастиготы

Высвобождение
амастигот
в средней кишке

Передача
через укус

Амастиготы
покидают
инфицированные
клетки

◎ Денсаулық эпидемиологиясы.

Денсаулықтың қоғамда (мемлекетте, мемлекеттер достастығында, ғаламшарда) туындау, даму, таралу заңдылықтарын денсаулық эпидемиологиясы зерттейді. Мемлекет басқару мен саяси режимдердің көптеген түрлерінде халықтың (ұлттың) денсаулығы басты қазына деп жариялап, барлық адамдарды денсаулығын жақсарту - эпидемиологиялық түрде жүргізілді.

КСРО-да 30 жылдары нағыз денсаулық эпидемиясы басталды, оның себепкері – А.В.Луначарский болған. Ол елге белгілі биші Айседора Дунканды шақырып, оның дене тәрбиелік билерін халыққа көрсетуге барлық жағдайды туғызады. Цирктердегі, стадиондардағы және көптеген алаңдық клубтардағы бәрімізге белгілі «пирамидаларды» Айседора Дункан кіргізген.

Кейінірек 60-70 жылдарда жастардың бірден көптеген спорттық секцияларға жазылып қатысушылар саны арта түседі. Осындай секциялар әр түрлі мекемелерде, зауыттарда, фермаларда және т.б. жанында құрылып жатты. Қазіргі таңда АҚШ, Батыс Еуропа елдерінде, Австралия, Канада, Мексика, Жапония, Оңтүстік Корея, Тайвань елдерінде «спорт - өмір сапасын жақсартады» деген лозунгтермен компаниялар жұмыс істеуде. Ол әлі денсаулық эпидемиологиясына айналмады. Біздің мемлекетіміздің әлеуми-экономикалық және мәдени жағдайы әлі денсаулық эпидемиологиясы жайында айтатын жағдайға жеткен жоқ.



- Б.Л.Черкасский (1984ж) ұсынған әлеуметтік-экологиялық концепция эпидемиялық процесті жеке-жеке морфологиялық құрамдарын және олардың функциональдық қызметінің бір-біріне әсер ету механизмдерін талдауға бағытталған. Олар:
- 1) Әлеуметтік экология. Ол әлеуметтік және табиғи факторлардың биологиялық жүйеге реттеушілік әсері механизмдерін ашу үшін адам қоғамындағы биологиялық, табиғи және әлеуметтік жағдайларының бірлігін қамтып көрсетеді.
- 2) Жүйелік әдіс. Ол тірі материя мен әлеуметтік-ұйымдасқан қоғамның құрылысын түсіну үшін маңызды.
- 3) Басқару және ақпараттық теория. Ол динамикалық режим жағдайларында өтетін күрделі биологиялық жүйелердің бүтінділігінің сақталу механизмдерін ашу үшін, яғни биологиялық жүйелердің өздігімен реттелу заңдылықтарын ашу үшін маңызды.




- Әлеуметтік-экожүйелік деңгейінде реттелу механизмі әлеуметтік факторларға байланысты болады. Сондықтан адамзат қоғамында өтетін эпидемиологиялық маңызды биологиялық құбылыс әлеуметтік заңдылықтармен реттеледі. Сонымен қатар әртүрлі әлеуметтік көріністер биологиялық жүйемен байланысты болып, бір-біріне реттеушілік әсерін тигізеді.



- Дегенмен, эпидемиялық процестің әлеуметтік реттеуші механизмінің басты, шешуші маңызы болады. Осы туралы Л.В. Громашевский (1965ж) былай деді: «Әлеуметтік фактор, бір жағынан жұқпалы аурулардың таралуының себебі болса, екінші жағынан, олармен ойдағыдай күресуде және оларды жоюда бірден бір күресу құралы болып саналады».



- Эпидемиялық процестің осы деңгейінде әлеуметтік жағдайдың әсерінен басты берілу факторларының өзгеруі мүмкін немесе жаңа қолдан жасалған берілу жолдарының пайла болуы (мысалы АИВ инфекциясының, гепатиттің В, С түрлерінің қанмен ластанған шприц арқылы жұғуы), немесе кейбір табиғи берілу жолдарының үдей түсуі (АИВ инфекциясының жыныстық жолмен көп тарауы) мүмкін.



Эпидемиялық процестің экологиялық және әлеуметтік факторлардың өзара әрекеттестігінің объективтік заңдылық сипатын ұғыну эпидемиологияның жалпы әлеуметтік-экологиялық заңдарын тұжырымдауға мүмкіндік береді. Оларды биологиялық немесе әлеуметтік деп атауға болмайды, өйткені олардың кешенді биоәлеуметтік сипаты бар.

Бірінші заң- эпидемиялық процестің биологиялық пен әлеуметтіктің бірлестік заңы.


Екінші заңы- эпидемиялық процестің жүйесіндегі биологиялық және әлеуметтік функциялар арақатынасының заңы.

Үшінші заң- эпидемиялық процесте биологиялық кіші жүйенің әлеуметтік кіші жүйеге сәйкес келу заңы.

Төртінші заң- эпидемиялық процесс жүйесіндегі тіке және кері байланыстар заңы.

Бесінші заң- эпидемиялық процестің жүйелік ұйымдасқандық заңы.

Эпидемиология



ҚОРЫТЫНДЫ

- Әлеуметтік-экологиялық концепцияның негізгі ерекшеліктері: Л.В.Громашевский және басқа да эпидемиологтар тұжырымдаған эпидемиялық процесс туралы классикалық ілімді ескеру, эпидемиологиялық құбылыстарды талдауда экологиялық көзқарас, эпидемиялық процестің функциялық-морфологиялық құрамын ашу үшін жүйелік әдісті және ақпараттарды пайдалану; эпидемиялық процесте биологиялық және әлеуметтік өзара қарым-қатынасты ғылыми тұрғыдан қарау; оның кейбір жағдайларын эпидемияға қарсы тәжірибеде, мысалы, эпидемиологиялық қадағалаудың тиімді жүйесін құру кезінде пайдалану болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Инфекционные болезни и эпидемиология: учебник
- Жалпы эпидемиология I том. С.Ә. Әміреев, Ж.Т. Темірбеков. 2000ж.
-144

НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!

